

**О. Шораяқұлы атындағы №30 орта мектептің арнайы маманы
Б.Жорықбаевтың 2023-2024 оқу жылында жүргізілген**

ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

ЕСЕБІ

Жалпы мектеп оқушыларын 2022-2023 оқу жылында, "Психологиялық-педагогикалық қолдау отыру қызметінің" бұйрығына сәйкес, оқушылардың сапалы білім алу барысында психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және баланың танымдық қабілеттері мен даму ерекшеліктеріне зерттеу жүргізу арқылы оқушының іс – әрекетінің дамуы, жалпы оқу дағдысы мен көріп есте сақтауы, зейіннің тұрақтылығы, ойлау қабілеті, қолдың ұсақ моторикасы, ой өрісінің деңгейі, сауатты, көркем жазу дағдылары, оқушылардың ұғымына сай мәтіндерді дұрыс оқып, мағынасын түсінуі, есептеу дағдылары, үлгіні көшіру, үлгі бойынша жұмыс істей білуіне, ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар іріктелініп, оларды мектепшілік педагогикалық-психологиялық кеңес отырысында қаралды. ППК отырысының шешімі бойынша оқушыларды Жалағаш ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық-консультациясына жолданды. 14 сәуір - 31 тамыз 2023 жылғы ПМПК қортынды хаттамаларын басшылыққа ала отырып, 2023 жылдың 1 қыркүйек айынан бастап, арнайы сыныптарға балаларды қабылдау жұмысы жүргізілді. Жүргізу нәтижесінде мектептен 2,3,4 арнайы сыныптар ашылды. 15 оқушы арнайы сыныпқа қабылданды. Арнайы сыныптарға жалпы 15 оқушы, олардың 2 қыз бала, 13 ұл бала қабылданды.

2 арнайы сынып бойынша 5 оқушы, 3 арнайы сыныпта 5 оқушы және 4 арнайы сыныпта 5 оқушы. Әр балаға қыркүйек айының 01 – 30 күндер аралығында, баланың танымдық қабілеттері мен даму ерекшеліктеріне зерттеу жүргізу арқылы оқушының іс – әрекетінің дамуы, жалпы оқу дағдысы мен көріп есте сақтауы, зейіннің тұрақтылығы, ойлау қабілеті, қолдың ұсақ моторикасы, ой өрісінің деңгейі, сауатты, көркем жазу дағдылары, оқушылардың ұғымына сай мәтіндерді дұрыс оқып, мағынасын түсінуі, есептеу дағдылары, үлгіні көшіру, үлгі бойынша жұмыс істей білуіне зерттеу жүргізіліп, психологиялық-педагогикалық қолдау арқылы оқытуға және арнайы маман, психолог мамандарының түзету сабақтарының жылдық жоспары және әр балаға түзету жұмыстарының жүйесі жеке дамыту жоспары және топтық жұмыстың жоспары жасалынып, білім сапасы оқушылардың өз деңгейінде өтілуіне ықпал жасалынды. Қазіргі таңда оқушыларға танымдық қабілеттерді дамыту және оқу қызметін белсендіруге, тілдік бұзылыстары бар балаларға қоршаған орта туралы білімін арттыруға жұмыс жүргізілуде. 04 - 15 қыркүйек айында «Білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру» бойынша арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамыту курсына өтіп келді.

ЕББҚ бар оқушыларды медициналық зерттеу жұмыстарын А.Таужанова және әлеуметтік мұғалім Е.Сұңғатов оқушылардың отбасылық жағдайларын тексеріп, әр оқушылардың әлеуметтік портреті жасалып және білім беру үрдісі бойынша, ата-аналар инклюзивті білім беру туралы ақпараттандырылды.

Диагностикалық және дидактикалық материалдар және оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а,б) мұғалімнің мінездемесі балаға (форма 3) дайындалып жасалынды.


2-11 сыныптар үшін Білім күніне арналған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Тәуелсіздік жетістіктері" тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи мұрасын кеңінен таратып, насихаттау мақсатында Елбасы кітапханасы Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне орай арнайы дайындалған бейнероликтер көрсетілді.



«Ақылды бейсенбі» тәлімгер уақыты бойынша әр мектептегі тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен «Отбасы» күніне орай кездесу өткізілді. Кездесу барысында Мектеп парламенті және Жас Ұлан ұйымының мүшелері өз қолдарымен жасаған қолөнерлерінен көрме ұйымдастырып, отбасы құндылықтарын дәріптеп, аналарымен тренинг өткізіп, қонақтарға қызықтырған сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптарын алды және мектебіміздің парламент мүшелері белсенді мүшелері концерттік бағдарлама ұсынды.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы мен жеке оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау жұмыстары жүргізіліп, Сабақ барысында оқушыны бақылау хаттамасы (2а,б формасы); Білім жетістіктері карталары; Сабаққа қатысу хаттамасы толтырылды. ПМПК қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес оқушыларға арналған бейімделген және жеке оқу жоспарларының тексерілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды.



«Ұстаз мәңгілік жадымда тұрар жаңғырып» тақырыбында мектеп парламенті Ұстаздардың төл мерекесіне орай мерекелік кешен өткізді.

«Жас Ұланның жұлдызды жылы» жылдық жоспарына сәйкес мектебімізде «Бес тас», «Асық ату» ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Бұл жарысқа ЕББҚ оқушыларды да қамтылды. Ойын барысында қатысушыларды марапатталды.

«Аутизм» туралы не білесіздер? тақырыбында ата-аналарға арнай маман Б.Жорықбаев жадынама жүргізді. Мақсаты: балада аутизм бар екендігін ерте жастан анықтап және ата-аналарға ұсыныстар беру. Аутизмі бар балалардың ата-аналары баламен қарым қатынасы эмоциональды көңіл күйде болуын, әрбір іс-қимыл сөзбен айтылуын, фонематикалық есту қабілетін дамыту мақсатында түрлі дыбыстарды тыңдауды үйретуге т.б ұсыныстар берілді. Оқушылардың бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру сонымен қатар оқушылардың бойында жағымды өмірлік мақсаттарды қалыптастыру, адам өмірі өз қолында екендігін түсіндіріп, өмірді сүйуге дағдыландыру. Адам бойында болатын асыл қасиеттерді адамгершілік, мейірімділік сезімдерін дамыту. Жақсы қасиеттерді үйрету, жаман қасиеттерден жиренту мақсатында 2 – 4 сынып оқушылары арасында «Мен бақытты баламын» тақырыбында сурет салу, жұмысы жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының 29 сәуір күні Инклюзиялық қоғамды дамыту және насихаттау мақсатында «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында балаларға арналған «Тең мүмкіндіктер» атты спорт фестивалін өткізді. «Кедергісіз келешек» жобасы аясында балаларға арналған «Тең мүмкіндіктер» атты аудандық жарысында І-орынға ие болып, облыстық инклюзиялық спорт фестиваліне О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектептің 6 Б сынып оқушысы Суюнова Каусар жарысқа қатысып жүлделі орынға ие болды.



Қармақшы ауданының О. Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен 29 сәуір күні «Үздік дефектолог-2024» байқауы өткізілді. Байқауды білім бөлімінің әдіскері Айгерім Кенжебаева ашып берді.

О.Шораяқұлы атындағы 30 орта мектебінде "Білім шыңының баспалдағы-бастауыш" атты апталығының жұмыс жоспарына сәйкес бастауыш сынып оқушылары арасында "Көңілді үзіліс" өткізілді. Мақсаты: оқушылардың сыйластығын, қарым-қатынас, ұйымшылдығын арттыру. Оқушылардың сабаққа көңіл-күйін жақсарту. Өткізген: Г.Смаханова



Қазіргі таңда мектептер үшін ата-анамен жұмыс жүргізу басты бағытта. Бала тәрбиесінде ата-аналар да өздерінің баласы үшін басты педагог екенін естен шығармай, осы үрдісті үздіксіз жалғастыруға міндетті.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру аясында "Ата - аналарға педагогикалық қолдау көрсету үшін ата-аналардың қатысуымен мектеп психологы Сүлейменова А. жүргізуімен "Жүрек жылуы" тақырыбында тренинг өтті.

Мақсаты - ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, тәрбие жайлы пікір бөлісу, ата - аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.

Мектеп кітапханасында жазғы каникул қарсаңында «Мамыр – Ынтымақ айы» айлығы аясында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі кітап құмарларды тарту мақсатында, мектеп оқушыларына «Демалыста кітап оқимыз» республикалық буккроссингін бастады. Буккроссингтің мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға шақыру кітап ұсынымдарын бөлісу және жаңа әдебиеттерді ашу.

"Оқыдым -басқаға сыйлаймын" қағидасы бойынша кітапқа екінші өмір сыйлауға оқушылардың құштарлығын ояту. Оқушылар оқыған кітаптар сыныптастарына ұсынып оқуға кеңес берді.

"Әлем балалар көзімен" атты тақырыпта түзете-дамыту сабақтарын алушы балалар арттерапияның сурет салу бөлімі бойынша суреттер салды.



Балалардың қызығушылығы басым. Біреуі дәнді-дақылдармен сурет салса, енді бір балалар түстерді ажыратып үйренді, қалған балалар лабиринттік ойынды шешіп логикасын дамытты. Балаларға арасында сергіту ойындары ойнатылды.

◆ **Тақырыбы:** Арт терапия

◆ **Мақсаты:** Балалардың ой-қиялын, шапшаңдығын, шығармашылық ізденісін дамыту.



Психологиялық- педагогикалық қолдаудың кезекті отырысы өткізілді. Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Білім беру процесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың ұйымдастырушылық негіздері;
2. Үйден оқитын оқушыны оқытуда қолданылатын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері;
3. Оқушылардың оқу қиындықтарын және олардың себептерін ұжымдық талқылау.

Аталған мәселелер бойынша арнайы педагог Б.Жорықбаев ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқытуда жүргізіліп жатқан жұмыстарды айтып өтті. Үйден оқитын оқушыны оқытуда қолданылатын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін психолог А.Сүлейменова жан жақты түсіндірді. Оқушылардың оқу қиындықтарын талқылау да 3-сынып жетекшісі Г.Смаханова және А.Сарыбаева сыныбындағы қиындық келтіріп отырған оқушылармен алдағы уақытта ұдайы бірлесіп жұмыс жасау керектігін айтты. Отырыс соңында ШҚҚ төрайымы А.Алдабергенова қорытындылап, атқарылған жұмыстарға өз пікірін білдіріп, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қаулы қабылдады.

"Ерекше білімді қажет етегін" оқушылары 1-наурыз алғыс айту күнімен ұстаздарды, ата-аналарды құттықтады.

Көктемнің алғашқы күнімен келіп, көңіл тыныштығын сыйлайтын жарқын мереке - Алғыс айту күні!

Алғыс айту - жүрекке жылу сыйлайтын керемет қасиет, қарапайым адамгершілік парыз. Алғыс айта білген адам алғыс арқалай алады.

Барлық ұстаздарды, ата-аналарды, оқушыларды алғыс айту күнімен құттықтаймыз, сіздерге мың алғыс!



Бастауып сыныптан пайда болатын тіл кемістіктерін болдырмау. Ата-аналарға осы тақырыпқа байланысты ақпарат беру.



Ұсақ қол моторикасы арқылы "Баланың танымдық қабілетін дамыту жолдары" тақырыбында түрлі жұмыстар жүргізді. Мақсаты: Баланың мінез - құлқын, сана - сезімінің жетілу дәрежесін таным үрдістерінің (түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау, сөйлеу зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып, дамуын қадағалап әрі дамытып отыру.



О. Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде "Психология апталығы" аясында мектептің арнайы маманы Баубек Жорықбаев мұғалімдерге арналған "Ғажайып бір жұлдыз" атты флеш тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты: ПДТ балаларға арналған арнайы сыныптардағы түзету-білім беру процесінің технологиясын қарастыру.

Арнайы сынып оқушыларын оқыту барысында пайдалануға болатын ребустар және қызықты әдіс тәсілдерді тиімді пайдалану. Флеш тренингке мұғалімдер белсене қатысты және жақсы лебіздерін жеткізіп, арнайы маманға сәттілік тіледі.



Жалпы тіл кемістігі Жалпы тіл кемістігі – есту қабілеті мен ой – өрісі әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемістіктері. Дыбыстарды бұзып айтуын, фонематикалық есту қабілетінің дамымауы, сөздік қоры мен грамматикалық сөйлем құрылысының артта қалуы жалпы тілі дамымаған балалардың барлығына тән кемшілік. Осыған орай 2,3,4 арнайы сынып оқушылары және 1 сынып оқушысы М.Әбдіхамитпен жеке жұмыстар жүргізілді.



Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға «Досболіке достық қолын ұсын » акциясы жұмыс жоспарына сәйкес таныстырылып өтті.

Мақсаты: достықтың адам өміріндегі маңызды, достықтың шынайы белгісі туралы түсіндіру.

Шырша мерекесіне сәйкес арнайы сынып оқушылары 2-4 жашы сыныптармен бірге қарсалып өтілді. Балалар келген қонақтарға өз өнерлерін ортаға салып, би билеп, ән салып, Аяз ата мен Ақпақардың сыйлығына ие болды.



ППҚ жұмыс жоспарына сәйкес мектеп кітапханашысы бірлесіп оқушылардың қысқы демалыс күндерін тиімді пайдаланып, бос уақытында кітап оқуы білімін шыңдау мақсатында кітапханамен байланыс орнатып, жас ерекшелігіне қарай кітаптар тандалып берілді.



Жылдық жоспарға сәйкес «Танымдық процестерін дамыту» тақырыбында 2,3,4 сынып оқушыларымен дамыту сабағы жүргізілді. Сабақтың мақсаты: Баланың өз бетімен іс-әрекет жасауына және бейнелі ойлау мен сезімталдығын дамыту.



"Қыс мезгілі тамаша" деп аталатын түзете-дамыту сабағын өткізді.

Оқушыларға қыс мезгіліндегі ерекше құбылыстарды таныстырды. Оқушылармен әр түрлі қызықты жұмыстар жүргізілді. Оқушылармен тыныс алу жаттығуларын, ойлау қабілетін, сөйлеу тілін, ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жұмыстар өткізілді.



Жоспарланған жұмысы бойынша "Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін тіл кемістіктері" тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізілді. Мақсаты:



Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы аясында 1-4 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған "Білімдінің күні жарық" атты дәріс сабақ өткізді.

Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру. Ұлттық құндылықтар мен тұлғалық қасиеттер
Позитивті қарым-қатынас, тәрбие, шығармашылық, ұрпақтар сабақтастығы, денсаулық, достық, сүйіспеншілік. Еңбекқорлық, жауапкершілік, қызығушылық, ашықтық, мейірімділік, өзіне деген талапшылық.



КЕЛ, БАЛАЛАР ОҚЫЛЫҚ! 1Б сынып жетекшісі Нұргүл Ермекбаева оқушыларымен "Кітапханаға саяхат" жасады.

✓ Мақсаты: Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдірішіндерді кітапхана өмірімен таныстырып, балаларды ең сүйіп оқитын ертегілер туралы көрмемен мектеп кітапханашысы М.Берманова таныстырылды.




Қармақшы аудандық білім бөлімінің басшысы Г.Абдәзиеваның басшылығымен №30 орта мектеп директоры Б.Дүйсенбаев, жаңа жыл мерекесіне байланысты үй жағдайында оқитын мүмкіндігі шектеулі оқушыларды құттықтады. Оқушыларға жаңа жылдық көңіл -күй сыйлау мақсатымен Аяз ата мен Ақнақар оқушылардың өлеңдерін тыңдап, жылы лебіз тілектерін айтып, жаңа жылмен құттықтап сыйлықтарын табыстады. Ата-аналар мектеп ұжымына өз алғыстарын білдірді.



«Тәрбиенің тамаша мектебі - Отбасы» тақырыбында ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыс барысында мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы Д.Бекпанова, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Әбділова, АПБ-нің ӘЗЗҚ тобының инспекторы, полиция капитаны А.Касимова, Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы Қ.Құрақбаева, Қармақшы АПБ-нің КПБ-нің аға жедел уәкілі полиция капитаны С.Шукиров және ата-аналар комитетінің төрағасы Е.Жақсылықұлы сөз сөйледі. Ата-аналарға балалар мен жасөспірімдер арасында қайғылы оқиғаларды болдырмау және олардың өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құқық бұзушылықтың алдын алу негізінде түсіндірме жұмысы жүргізілді.

«Балалардың қыс мезгілінде дария жағасына баруы», «Терезеден құлау», «Өрт қауіпсіздігі», және «Менің қауіпсіз демалысым» тақырыптары аясында түсіндірме жұмысын жасау және ата-аналар балаларды үнемі қадағалап отыруы керек екендігі айтылды.



Сабақты ұлттық ойындарды қолдана отырып оқушыларға тоғызқұмалақтың негізгі шарттарын түсіндіру арқылы логикалық ойлау қабілетін, математикалық амалдарды тез санау, ой - өрісін толық дамыту және компьютерлік сауаттылыққа, ұқыптылыққа, дайын бағдарламамен өз бетімен жұмыс жасауға және оқушыларды ұйымшылдыққа, достық қарым - қатынасқа, ұжымдылыққа, ұлттық рухта, сананы қалыптастыруға бейімдеу мақсатында 3 арнайы сыныптарға топтық жұмыстар жүргізілді.



«Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім мен әл-ауқатын жақсарту үлкен міндеттердің бірі ретінде көрсетілген. Өмірің жарқын, болашағың зор болсын десең, Еліңнің жұлдызы болам десең денсаулығыңды сақта!




Балаға жеке түзету-дамыту бағдарламасы бойынша түзету сабақтарын жүргізу мақсатында Балаларды оқып, жазып, санап үйрету оқу іс-әрекетінің негізгі біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу және жүріс-тұрыс мәдениетін дамыту, жеке гигиена мен салауатты өмір негіздерін үйретуге жұмыстар жүргізілді.



Оқушыларды жасына сай психо-физиологиялық ерекшеліктерін жалпы бақылай отырып, әр баланың өз мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес нәтижелі оқу мен дамуға әлуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай жасайтын қолдау қызметінің мамандары мектеп тәрбие және оқуда қиналатын қауіп тобындағы балаларды уақытында анықтауға; оқушылардың даму бұзылыстарын түзетуде ерте психологиялық-педагогикалық көмекті жүзеге асыруға (анықталғаннан бастап); Білім беру жағдайында балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғау, денсаулық сақтау және нығайту, әлеументтену, тиімді дамыту мақсатында оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыруға; Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін ыңғайлы жағдайлар жасай отырып білім беру ұйымын дамыту бағдарламасын жасауға және жүзеге асыруға жәрдем беруге; Педагогтар, оқушылар мен ата-аналардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін арттыруға (психологиялық мәдениет); Түзете-дамыту, тәрбиелеу жұмысы мен оқу нәтижелігі мониторингін жүзеге асыруға (психологиялық-педагогикалық мониторинг) жұмыс жүргізілді.

Мектеп кітапханасында "Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру аясында "КҮЗДЕ БІЗ ЖАЛЫҚПАЙМЫЗ, КІТАП ОҚИМЫЗ" тақырыбында іс-шара ұйымдастырды. Мақсаты – оқушының ой-өрісін кеңейту. Оқушылар кітап қиялдары әлеміне ұмытылмас экскурсиялар жасауға шақыру. Күзгі демалыс кезінде көптеген қызықты, қызықты іс-шаралар мен қызықтыру.



"Төрт тоқсанға - төрт өнер" жобасы аясында білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында дене шынықтыру пәні бірлестігі мен мектеп парламентінің ұйымдастыруымен асық атудан челлендж өткізілді.

Жарысқа 4-5, 8-10 сынып оқушылары қатысты, өз бақтарын сынады. Ұлттық ойындар - тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, қиялы мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, денсаулық кепілі, өмір тынысы. "Бес асық" ойыны ептілік пен алғырлыққа баулиды.

Білім алушылар қызыға ойнап, белсенділік танытты



Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және қиялын белсендіру, қызығушылықтарын ояту.

Шара барысында балалар көтеріңкі көңіл-күймен, аса зор қызығушылықпен суреттер салып, бояды.



"Ұсақ-қол моторикасын дидактикалық ойындар арқылы дамыту" және "Нейрожаттығулар" тақырыбында балалардың қызығушылықтарын дидактикалық ойындар арқылы оята отырып, ұсақ-қол қимылының белсенділіктерін арттыру, тепе-теңдігін сақтауға, кеңістікті бағдарлауға, көріп-қабылдауы мен ойлауын, зейінін тұрақтандыруға бағытталған түзете-дамыту жұмыстары.



Арнайы маман

Б.Жорықбаев